



Қазақстан Республикасының білім және мәдениет мекемелеріне есімдер беру және оларды қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 30 желтоқсан N 1360

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары әкімдерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясымен келісілген:

1) Мына білім мен мәдениет мекемелеріне:

Ақтөбе облысы бойынша

Шалқар ауданындағы Айшуақ орта мектебіне - белгілі тарихшы, профессор Бек (Бегежан) Сүлейменовтың;

Алматы облысы бойынша

Райымбек ауданындағы Қарасаз орта мектебіне - ақын, ағартушы Албан Асан Барманбекұлының;

Райымбек ауданындағы Қызыл шекара орта мектебіне - Жетісудың белгілі ақыны Көдек Байшығанұлының;

Райымбек ауданындағы Средигор орта мектебіне - мемлекет қайраткері, саяси қуғын-сүргіндер құрбаны Сәрсенбай Бейсембетұлының;

Панфилов ауданындағы Еңбекші орта мектебіне - 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушы, осы мектептің түлегі Ербол Сыпатаевтың;

Жамбыл облысы бойынша

Талас ауданындағы Тамды орта мектебіне - Аңырақай шайқасының қаһарманы Қойкелді батырдың;

Қарағанды облысы бойынша

Нұра ауданындағы Плаховка орталау мектебіне - ғалым-педагог Дәкен Шалабековтың;

Қостанай облысы бойынша

Меңдіқара ауданындағы Қаратал орта мектебіне - қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Оразалы Қозыбаевтың;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Сайрам ауданындағы Қызылту орталау мектебіне - қауіпті қылмыскерлерді ұстау кезінде ерлікпен қаза тапқан милиция сержанты, осы мектептің түлегі Нұржан Шойынбаевтың;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Шығыс Қазақстан өнер колледжіне - халық әртістері - ағайынды Абдуллиндердің;

Қатонқарағай ауданындағы Белқарағай орта мектебіне - белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Оралхан Бөкеевтің есімдерін беру туралы;

2) Мына білім және мәдениет мекемелерінің атауларын:

Ақтөбе облысы бойынша

Шалқар ауданындағы Калинин атындағы орта мектепті - Жаңақоныс орта мектебі;

Алматы облысы бойынша

Ақсу ауданындағы Қарашағын ауылдық округіне қарасты "БЛКЖО-ның 30 жылдығы" атындағы орта мектепті - көрнекті композитор Мұқан Төлебаев атындағы
о р т а м е к т е п ;

Ақсу ауданындағы Құрақсу ауылдық округіне қарасты Мұқан Төлебаев атындағы
орта мектепті- Құрақсу орта мектебі;

Балқаш ауданындағы Ақкөл ауылдық округіне қарасты "Қызылту" орталау мектебін

- Көкжиде орталау мектебі;
Балқаш ауданындағы Бірлік ауылдық округіне қарасты "Қазанның 50 жылдығы"
атындағы орта мектепті - Бірлік орта мектебі;
Балқаш ауданындағы Береке ауылдық округіне қарасты "Тыңның 25 жылдығы"
атындағы орта мектепті - Береке орта мектебі;
Панфилов ауданының әкімшілік орталығы Жаркент қаласындағы Киров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК